«6D051800 - Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Джолдасбаев Орынбасар Капаровичтің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметіне жобалық-бағдарланған басқару жүйесін енгізу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ұсынылған диссертация ғылымға елеулі үлес қосады, ҚР мемлекеттік органдарындағы жобалық басқаруды зерттеудегі бар олқылықты жоюға бағытталған. Жүргізілген зерттеу мемлекеттік сектордағы жобалық басқарудың теориялық негіздерін тереңдетеді және мемлекеттік жобаларды іске асыру процестерін оңтайландыру бойынша практикалық шешімдерді ұсынады. Автор әзірлеген жобалық басқару моделі

			нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу және мемлекеттік деңгейде жобалардың тиімділігін мониторингтеу және бағалау жүйесін құру үшін негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация авторы жобалық басқарудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтитын кешенді зерттеу жүргізу арқылы өзі жазу деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Автор әзірлеген ұсыныстар нақты практикалық маңызға ие және осы саладағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді. Зерттеу жобаға-бағдарланған басқару туралы ғылыми білімнің дамуына айтарлықтай үлес қосады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда зерттелген тақырып өзекті мемлекеттік бағдарламалар мен елдің даму стратегиясына сәйкес келеді және қазіргі экономикалық дамудың сын-қатерлері тұрғысынан берік негіздеме табады. Осы тақырыпты зерттеу Қазақстанның мемлекеттік органдарында жобалық-бағдарланған басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеуге, мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін арттыруға және мемлекеттік басқару теориясы мен практикасын дамытуға елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайтын 3 бөлімнен құралған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жобалық-бағдарланған басқаруды енгізу ерекшеліктерін терең талдауға, бар проблемаларды анықтауға және оларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеуге бағытталған. Қойылған міндеттер жобалық-бағдарлан басқарудың теориялық негіздерін жүйелі түрде зерттеуге, халықаралық тәжірибені талдауға, Қазақстанның мемлекеттік органдарында жобалық-бағдарланған басқаруды енгізу практикасын зерделеуге және

			мемлекеттік секторда жобаларды тиімді басқару моделін әзірлеуге мүмкіндік береді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация бөлімдерінің логикалық дәйектілігі зерттеу тұтастығы мен тұжырымдардың дұрыстығын қамтамасыз ете отырып, жобалық басқарудың теориялық негіздерінің мемлекеттік органдар үшін практикалық ұсыныстарға қалай айналатынын бақылауға мүмкіндік береді.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертацияда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жобалық-бағдарланған басқаруды енгізудің қолданыстағы тәсілдеріне егжей-тегжейлі сыни талдау ұсынылған. Анықталған кемшіліктер қазақстандық мемлекеттіліктің ерекшелігін ескеретін және қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді қол жеткізуге мүмкіндік беретін авторлық модельді әзірлеу үшін негіз болды
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық зерттеудің жаңашылдығы ұлттық контексттің ерекшелігін ескеретін, дәстүрлі және икемді тәсілдердің элементтерін біріктіретін Қазақстанның мемлекеттік органдары үшін жобалық басқарудың кешенді моделін әзірлеу болып табылады. Осы модель шеңберінде жобалық командаларды қалыптастырудың жаңа тетіктері, жобаларға қатысушыларды ынталандыру жүйелері, сондай-ақ өмірлік циклдің барлық кезеңдеріндегі жобалардың тиімділігін бағалау әдістемесі ұсынылды. Бұл элементтер қызметкерлердің жобаларды іске асыруға қатысуын арттыруға, мерзімдер мен бюджеттердің бұзылу тәуекелдерін азайтуға, сондай-ақ қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге жол ашады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Жобалық-бағдарланған басқарудың ұсынылған моделі Қазақстандағы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілді білдіреді. Ол халықаралық
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	стандарттарды да, ұлттық контексттің ерекшеліктерін де ескереді. Кешенді талдау мен практикалық қолданудың арқасында автор мемлекеттік жобаларды іске асырудың тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың шешім қабылдау процестеріне неғұрлым тығыз қатысуын қамтамасыз ететін жүйені әзірледі. Модель теориялық тұрғыдан негізделген ғана емес, сонымен қатар эмпирикалық дәлелдермен расталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Диссертацияның ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ерекшелігіне жобалық-бағдарланған басқару моделін әзірлеу және бейімдеу болып табылады. Ұсынылған жүйе мемлекеттік жобаларды неғұрлым тиімді және нәтижелі басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін озық әлемдік тәжірибелерді де, ұлттық ерекшеліктерді де ескереді. Модельдің жаңалығы жобаның өмірлік циклінің жоспарлаудан бастап аяқталуға дейінгі барлық кезеңдерін қамтитын кешенді тәсілде, сондай-ақ ашықтық пен есептілікті арттыру үшін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануда жатыр.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдермен мұқият негізделген. Автор ғылыми зерттеулердің стандарттарын қатаң ұстанды, бұл зерттеудің әртүрлі жалпы ғылыми әдістерін қолданумен расталады. Нәтижелердің дұрыстығын растаудың маңызды элементі-жобалық басқару теориясы үшін маңызды болып табылатын отандық және шетелдік ғалымдардың басты еңбектерін жұмысқа біріктіру. Жиналған жоба деректері әртүрлі көздерден алынған. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілермен сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізілді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	1. Қазіргі таңда тұрақты және инклюзивті экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сектордың тиімділігімен қатар оның инклюзивтілігін арттыру аса маңызды мәселе. Осы мақсатта диссертант, әлемдік тәжірибеде тиімділігі дәлелденген және орнықты инклюзивті даму
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	

		3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	теориясының қағидаларын ескеретін, ЖББ жүйесінің моделін мемлекеттік органдарында енгізуді ұсынады. ЖББ жүйесі шеңберінде диссертант мемлекеттік органдар басқаратын жобаларда аса маңызға ие стейкхолдерлер топтарын, олардың мақсаттарын, талаптары мен жобалардан күтілетін нәтижелерін біріктіретін жүйесін әзірледі. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру

			мүмкін емес. 2. Зерттеу барысында мемлекеттік органдарында қолданыстағы басқару әдістемесін жетілдіру үшін диссертант енгізуге ұсынатын ЖББ жүйесінің түсінігі мен категориясын айқындау қажеттілігі туды. Осы мақсатта жобалық менеджменттің дүниежүзілік ғылыми-зерттеу базасы мен практикасында қалыптасқан әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдамалардың сыни талдауы жасалды. Нәтижесінде, ұсынылатын ЖББ жүйесінің авторлық анықтамасы және оның функционалдық құрамының бірегей нұсқасы берілді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін

			емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 3. ҚР мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ондағы қолданыстағы басқарудың процестік және жобалық тәсілдемелерін біріктіру қажеттілігі айқындалды. Осыған орай, оларды тиімді синхрондаудың жолы ретінде мемлекеттік органдардың ұйымдық құрылымын ЖББ жүйесіне бейімдеудің авторлық үлгісі негізделді. Ол үшін ұсынылатын авторлық ЖББ жүйесіне қойылатын талаптар жобалық менеджменттің халықаралық және отандық стандарттары, нормативік құжаттар мен отандық тәжірибе негізінде жүйелендірілді. Корреляциялық талдау негізінде ЖББ жүйесін табысты енгізудің алғышарттары мен факторлары анықталды. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ;

			3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 4. ҚР мемлекеттік органдарына ЖББ жүйесін табысты енгізуін қамтамасыз ету үшін елде жүзеге асырылатын мемлекеттік басқарудың ұлттық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Осы мақсатта көп критериалды және сатылас сараптамалық бағалау негізінде ЖББ жүйесін енгізуден туындайтын теріс салдар, проблемалар мен кедергілер және мемлекеттік органдардың басқа басқару жүйесіне көшуге дайындығын өлшейтін критерийлері анықталды. ҚР мемлекеттік органдарының ЖББ жүйесіне көшуге дайындығының профилі құрылды, оның ішінде осал/күшті жақтары мен ЖББ технологияларын қабылдау үшін оларға қажетті құзыреттіліктер анықталды. Нәтижеде, стратегиялық талдаудың танымал әдістерін қолдану арқылы диссертант ҚР мемлекеттік органдарында ЖББ жүйесін енгізуге қолайлы сыртқы және ішкі факторларын бағалай алды. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;

			5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 5. Жоғарыда алынған ғылыми нәтижелердің негізінде диссертант ҚР мемлекеттік органдарында енгізуге ұсынған ЖББ тұжырымдамасының моделін ұсынды. Модель сегіз өзара байланысты жобадан құрылған, ол персоналды басқару жүйесіндегі, ұйымдық құрылымдағы өзгерістер кешенін, IT басқаруды енгізуді, нормативтік-құқықтық базаны өзектендіруді көздейді. Диссертант дәлелдеме ретінде 86 қызметкері бар бір мемлекеттік органында ЖББ моделін енгізгендегі тиімділік көрсеткіштерінің артуын есептеп көрсетті, атап айтқанда уақыт

			факторы тиімділігінің ұлғаюын, жоба тәуекелдігі мен зардаптарының азаюын және әлеуметтік нәтижесінің өсетінін келтіреді. Осылайша іс жүзінде ҚР-дағы мемлекеттік органдарына ЖББ моделін енгізудің маңыздылығы мен қажеттілігі негізделді, демек бұл оң нәтижені басқа да мемлекеттік органдарға таратуға болады. ЖББ моделі мемлекеттік органдарға Қазақстанның орнықты және инновациялық дамуының стратегиялық маңызды жоспарларын табысты іске асыруға мүмкіндік береді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе?

			1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Қойылған міндеттерді шешу және ұсынылған гипотезаларды тексеру үшін жалпы ғылыми (теориялық және эмпирикалық) және айрықша зерттеу әдістерінің кешені қолданылды: – теориялық: зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдаудың формальді әдісі, логикалық әдіс, талдау мен синтез, индукция мен дедукция, жалпылау, факторлық және жүйелік талдау; – эмпирикалық: бақылау, ақпаратты жинау мен өңдеудің статистикалық және әлеуметтік әдістері, сараптамалық бағалау, экономикалық-математикалық және имитациялық модельдеу әдістері, корреляциялық-регрессиялық талдау. – айрықша: зерттеу нәтижелерін қорытындылауға арналған стратегиялық талдау әдістері (PEST, мүдделі тараптарды талдау, SNW, SWOT, себеп-салдарлық диаграммалар). Зерттеу нәтижелерінің негіздемесі мен анықтығы статистикалық талдаудың жалпы танылған әдістерін, ашық ресми көздерден алынған ақпаратты, сондай-ақ өз зерттеулерін пайдаланумен расталады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Барлық есептеулер мен деректерді талдау Eviews 10 бағдарламалық жасақтамасының көмегімен жүргізілді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 140 дереккөзден тұрады, бұл диссертациялық жұмыстың осы салаға қатысты барлық дереккөздерді қамтығанын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеуде қамтылған теориялық және әдіснамалық әзірлемелер ҚР-ның мемлекеттік басқаруында жобалық-бағдарланған тәсілді енгізу және пайдалану мәселелерін одан әрі пысықтау үшін қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, мемлекеттік органдарда процестік және жобалық басқаруды ұтымды үйлестірудің авторлық моделі мемлекеттік органдар қызметіндегі жобалардың тәуекелдіктерін басқару модельдерін одан әрі жетілдіру үшін негіз ретінде алынуы мүмкін.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық зерттеу нәтижелері (тиімді ЖББ енгізу тұжырымдамасы, ЖББ енгізу жобасының кезеңдерінің мазмұны) олардың қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚР мемлекеттік органдарына енгізуге ұсынылады. Диссертацияның тәжірибелік тұжырымдары мен ұсыныстарын ҚР-ның мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын қалыптастыру барысында пайдалана алады. Диссертацияның
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			нәтижелері инновациялық типтегі экономикаға көшу бағдарламаларына, мемлекеттік инновациялық саясат стратегиясына; мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде инновациялық қызметтің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру процестеріне; ҚР мемлекеттік органдарының инновациялық дамуының кешенді бағдарламаларын әзірлеу кезінде енгізілуі мүмкін. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған тұжырымдар мен әзірленген ұсыныстар жобалық тәсіл негізінде: ҚР дамуының инновациялық саясатын жетілдіруге; инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың жүйелілігі мен нәтижелілігін арттыруға; инновациялық инфрақұрылымның дамуын ынталандыруға; мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің инновациялық белсенділігінің деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарында ЖББ тиімділігі факторларының бейіні әзірленді. Бұл бейінді мемлекеттік органдардағы ЖББ тиімділігін арттыру мақсатында корпоративті мәдениет және басқарудың ішкі ұйымындағы өзгерістердің векторларын анықтау үшін пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Зерттеудің бірқатар теориялық және тәжірибелік нәтижелерін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің оқу процесінде мемлекеттік басқарумен және жобаларды басқарумен байланысты курстарды оқу кезінде пайдалануға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		1. *Қазақстанның мемлекеттік органдарында жобаларды басқарудың қолданыстағы жүйесін талдауға арналған бөлімде*

			шетелдік тәжірибемен неғұрлым терең салыстырмалы талдау жүргізу пайдалы болар еді. Бұл отандық жүйенің күшті және әлсіз жақтарын, сонымен қатар, оны жетілдіру бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. *2. Қазақстанның мемлекеттік органдарының мәдени ерекшеліктерін және олардың жобалық басқаруды енгізу процесіне қалай әсер ететінін талдауға көп көңіл бөлу керек. Иерархия, бюрократияға бейімділік, өзгерістерге қарсылық және олардың реформалардың сәттілігіне әсері сияқты аспектілерді қарастырған жөн.* Аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		1. Шетелде жобалық жүйені мемлекеттік басқаруда қолдану: тәжірибе, мәселелер, шешімдегі тәсілдер. Nағхоz университеті, Central Asian Economic Review. №3 (126) 2019. 2. Analysis of the applicability of existing methods and technologies of project-oriented management for government agencies in the Republic of Kazakhstan. Mykolo Romerio universitetas Public Policy and Administration 2020, Vol. 19, No 2. 3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жобалық-бағдарланған басқаруды енгізу тұжырымдамасы. Nағхоz университеті, Central Asian Economic Review. №2 (131) 2020 4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жобалық-бағдарланған басқару болжаушыларының жүйесін енгізу. Nағхоz университеті, Central Asian Economic Review. №4 (139) 2021 5. Қазақстан Республикасында жобалық басқару технологиясын дамытудың ерекшеліктері мен мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Қазіргі ғылымдардың тиімді құралдары – 2019» 22-30 сәуір 2019 ж. Прага, Чехия

			6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін Scrum. II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «Қоғамның тұрақты дамуы контекстіндегі ғылым жетістіктері» 2020 жылғы 24-26 сәуірде «Тұран» университетінде Алматы қ. 7. Қазақстан Республикасында Scrum-технологияларды пайдалану. «Global Science And Innovations 2021: Central Asia» XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, 5 ақпан 2021 ж., Нұр-сұлтан қ. Диссертация тақырыбы бойынша 7 ғылыми мақала жарияланды (1 нөлдік емес импакт-факторы бар журналда; 3 ҚР ғылыми қызметінің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Комитет айқындайтын тізбедегі жетекші рецензияланатын журналдарда; 3 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда). Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Ресми рецензент:
«Тұран-Астана» Университеті
«Бизнес және әкімшілік» кафедрасының
аға оқытушысы, PhD доктор

А.С. Жолтаева